

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«Әдістемелік кабинет» КММ
ЖШС «Бопай» балабақшасы**



Ақтөбе қаласы білім бөлімінің
«15.09»-----2020 жылғы
№ 573-----бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

БАҒДАРЛАМА
«Сандар сөйлейді »
(мектепалды даярлық тобы)

Ақтөбе -2020ж

Бағдарлама негізі: А.Б. Акпаева . Л.А . Лебедева .Қарапайым
математикалық түсініктерін қалыптастыру. Алматы кітап баспасы .2012
жыл

Құрастырғандар : Дүйсебаева Г.А.;Тажикенова Г.Т.

ЖШС «Бопай» балабақшасының педагогикалық кеңесі
отырысында «Сандар сөйлейді » бағдарламасы талқыланды.

Хаттама №1

«28» тамыз 2020жыл

ЖШС «Бопай» балабақшасы меңгерушісі:



Жумашева Б.А

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Сандар сөйлейді»
бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама № 3

«14» 09

2020жы

Сараптау комиссиясының төрайымы:



Шалабаева Ж.Б.

Түсінік хат

Мектепке дейінгі жастағы кезең- бала ағзасының дамуы ең жан-жақты көп дамыған кезеңі болып табылады. Ересек жастағы балаларды мәдениетілік пен адамгершілікке тәрбиелеу өте тиімді және пайдалы. Қазіргі қоғамда жас бүлдіршіндердің бойына адами құндылықтарды-әдептілікті, сүйіспеншілікті, мейірімділікті, қайырымдылықты, әділдікті, қамқорлықты және адамгершілікті бойына сіңіріп тәрбиелеуді талап етеді. Бала шыр етіп жерге түскен күннен бастап ата-анасымен және айналасындағы адамдармен тығыз байланыста өмір сүреді. Балалар есейе келе күнділікті өмірде ересектермен, өз құрбыларымен бірлесе әрекет ете отырып, әрбір іс-әрекеттің мән-мағынасын, міндетін, қарым-қатынас ережелерін біртіндеп рет-ретімен меңгере бастайды. Осы мақсаттарды басшылыққа ала отырып «Жақсы бала-осындай» бейімделген бағдарламасы құрылды. Бағдарламаның маңыздылығы- баланың танымдық –коммуникативтік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ойын терең жетілдіруге, адамгершілік қабілеттерін қалыптастыруға, ішкі жан-дүниесін қалыптастыруға, қоршаған ортаға деген көзқарасын жан-жақты дамытуға көмегін тигізеді. Жақсы әдеп- балалардың дамуындағы ең маңызды жағдай. Қазіргі кездегі балабақшадағы балаларды тәрбиелеудегі маңызды мәселенің бірі-мәдени қарым-қатынас. Сол себепті осы мақсатты негізге ала отырып, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында дидактикалық ойындар мен сөзжұмбақтар, көркемсөздер, қызықты әнгімелер мен өлеңдер ойын түрінде қолданылды.

Бағдарламаның міндеттері:

- балаға өзінің қайталанбайтын жеке ерекшелігін, өмірде өзіндік орны бар адам екендігін сездіру;
- баланың бойындағы жақсы қасиеттері негізінде, оларды жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға үйрету;
- қоғамдағы әлеуметтік нормалар мен ережелер туралы нақты түсініктерін қалыптастыру.

Бағдарламаның негізгі мақсаты: балаларды жақсы әдепке үйрету, оларды бір-бірімен дос болуға, бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болуға, балаларды бауырмал, ізетті болуға және адамгершілікке тәрбиелеу. Балаларды өз елін, туған жерін сүйуге, тәрбиелеу, еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, имандылыққа, үлкендерді құрметтеуге, тиянақтылыққа, тазалыққа үйрету.

Күтілетін нәтиже:

- өмірде өзіндік орыны бар жеке тұлға екенін түсіну;
- бойындағы жақсы қасиеттерін дамыта отырып, жаман әдеттен аулақ болуды үйренеді;
- әлеуметтік өмір нормалары мен ережелерін түсіне отырып өмірде қолана біледі.

Берілген бағдарламаны қолдануда әрбір педагог өз жұмысына шығармашылық жолмен кірісе отырып, балалардың бойында мәдениеттік дағдыларын қалыптастырады, адамгершілік нормаларына тәрбиелейді.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті ересек топтарында аптасына 1 сағат вариативтік бөлім есебінде өткізіледі, ұзақтығы 20-25 минут. Бағдарлама 1 жылға негізделіп дайындалған.

Т. Алес

**«Бопай» балабақшасының логикалық ой –өрісін қалыптастыруға
бағытталған
«Сандар сөйлейді» бағдарламасына**

ПІКІР

«Сандар сөйлейді» бағдарламасы мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің жас ерекшелігіне сай құрылып жасалған. Бұл бағдарламада балалардың қызығушылығын оятатын, логикалық ой-өрісін, шығармашылық қабілетінің дамуына дәнекер болатын және өздігінен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыратын, іс-әрекет түрлері қамтылған. Түрлі ойын-есептер, ребустар, жұмбақ есептер балалардың қызығушылығын арттыра түсетіні анық. Бағдарламадағы тақырыптар балалардың өзіндік ізденулерімен, шығармашылық жұмыстармен толықтырылған.

Бағдарлама баланың танымдық қабілеттерін жан-жақты дамытуға, сауаттылығын тереңдетуге, алған білімдерін өмірде қолдана білуге мүмкіндік береді. Ұйымдастырылған оқу қызметінің негізі – ойын жаттығулар, логикалық есеп-ойындар, шығармашылық тапсырмалар бойынша берілген. Әрбір тақырыпта бағдарламалық міндеттер, ойындар мен жаттығулар көрсетілген.

Бағдарлама қазіргі заман талабына сай балалардың жас ерекшеліктерін, даму қабілеттерін ескере отырып, 1 жылға 36 сағат көлемінде жоспарланған. Апталық жүктемесі 1 сағат, ұзақтылығы 25-30 минутқа негізделген.

«Сандар сөйлейді» бағдарламасы балабақшаларда жұмыс істейтін жас мамандарға, тәрбиешілерге арналған.

Бағдарламаны мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысында мектепалды даярлық топтарындағы тәрбиешілер мен мұғалімдерге көмекші құрал ретінде ұсынуға болады.

Пікір беруші:

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Педагогика, психология және бастауыш оқыту кафедрасының доценті,
педагогика ғылымдарының кандидаты



Адилышинова З.У.

«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН

Кадр бөлімінің бастығы _____

« _____ » _____ 20__ ж.

Тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Сағат саны
1	Кеңістікті бағдарлау	1
2	Заттарды санау	1
3	Уақыт арқылы бағдарлау.	1
4	Сызықтар	1
5	Сандар сыры	1
6	Қазақ халқында жиі қолданылатын сандар	1
7	Үштік , жетілік	2
8	Математикалық ертегілер	1
9	Бір таңбалы сандардың қатары	1
10	«+», «-» таңбалары	1
11	Салыстыру	2
12	Есеп оның құрылымдық элементтері туралы түсінік	2
13	Сандар құрамы	2
14	Дидактикалық ойындар	2
15	Геометриялық фигуралар	2
16	Бірдей қосылғыштардың қосындысын табу.	2
17	Қызықты жаттығулар	1
18	Екі таңбалы сандарды, оқу, жазу және салыстыру.	2
19	1 – 20 көлемінде санау	2
20	Логикалық тапсырмалар	1
21	1 – ден 20 – ға дейінгі сандар және олардың таңбалануы	2
22	Математикалық домино	1
23	Математикалық ребустар	2
24	Өтілген материалдарды қайталау	2
	Барлығы:	36

П. Ильяс

Тақырыптық жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Бағдарлама міндеттері	Сағат саны	қолданылатын ойындар
1	Кеңістікті бағдарлау	«Оңға – солға», «алға — артқа» т.б жұп түсініктерді меңгерту, айқындау. Жазық бетте бағдарлау дағдысын дамыту.	1	«Суретшілер» ойыны
2	Заттарды санау	Нешінші? сұрағына жауап беруге дағдыландыру.	1	«Ненің қайда орналасқанын тап» ойыны
3	Уақыт арқылы бағдарлау	Уақыт аралығы туралы түсінік қалыптастыру. Бұрын, кейін, алдымен, содан кейін, сонан соң, соған дейін ұғымдарын орынды айта білуге машықтандыру.	1	«Кешкі саяхат» дидактикалық ойыны
4	Сызықтар	Сызықтар. Нүкте. Сәуле. Бұрыш. Кесінді. Геометриялық пішіндер туралы түсінік беру, оларды ажырата білу және оны сызу. Сызық түрлері түзу, қисық сызық, тұйықталған қисық сызықты т.б математикада қолдана білу.	1	«Ұлудың жолы» ойыны, «Нүктелер достығы» ертегісі
5	Сандар сыры	Сандардың сыры туралы ұғым беру. Оқушылардың дүние - танымын қалыптастыру, ынта- сын арттыру, есте сақтау қабілеттерін дамыту	1	«Не өзгерді» ойыны
6	Қазақ халқында жиі қолданылатын сандар	Халқымызда жиі қолданылатын сандармен таныстыру, олардың мазмұнын түсіндіру.	1	«Жоқ санды тап» ойыны
7	Үштік, жетілік	Үш, жеті сандарының халық арасында киелі сандар екенін ұғындыру.	2	«Кім көп көреді?» ойыны

П. И. И.

8	Математикалық ертегілер	Баланың логикалық ойлауы, шығармашылық қабілетін дамыту.	1	«Цифрлар айтысы» ертегісі
9	Бір таңбалы сандардың қатары	Артық, кем, тең ұғымдарын қалыптастыру. ($=, <, >$)	1	«Шаршы ішінде тұрғандай» ойыны
10	«+», «-» таңбалары	Қосу және азайту амалдары, олардың «+», «-» таңбаларымен таныстыру. Қарапайым өрнек-тер шығаруға дайындау.	2	«Нешінші гүлді жасырдым» ойыны
11	Салыстыру	10 көлеміндегі сандарды салыстыруды меңгерту.	2	«Ғажайып қатшық» ойыны
12	Есеп оның құрылымдық элементтері туралы түсінік	Есептің шарты, сұрағы, шешуі, жауабын табуға машықтандыру	2	«Математикалық жорықтар» ойыны
13	Сандар құрамы	Балаларды есептеуге дайындау үшін сандар құрамымен таныстыру.	2	«Вагондардың ретін ата» ойыны
14	Дидактикалық ойындар	Оқушылардың қызығушылығын арттыру. Өткен материалдарды бекіте түсу.	2	«Жасырынбақ» ойыны
15	Геометриялық фигуралар	Геометриялық фигуралар туралы оқушылардың білімін толықтыра түсу, олардың мәнді белгілерін ажырата білуге төселдіру.	2	«Геометриялық мозаика» ойыны
16	Бірдей қосылғыштардың қосындысын табу.	Бірдей қосылғыштардың қосындысын табудың мәні мағынасын ашу	2	«Не жоқ?», «Не өзгерді?» ойыны

M. Ileev

17	Қызықты жаттығулар	Түрлі қызықты жаттығулар барысында оқушылардың қызығушылығын арттыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту.	1	«Танграм» ойыны
18	Екі таңбалы сандарды, оқу, жазу және салыстыру.	Екі таңбалы сандардың ондықтардан және бірліктерден тұратындығын меңгерту.	2	«Жоғалған санды тап» ойыны
19	1 – 20 көлемінде санау	20 – ға дейінгі сандар қатарымен таныстыру, 20 көлемінде реттік санауға үйрету (тура және кері тәртіппен)	2	«Дүкен» ойын
20	Логикалық тапсырмалар	Түрлі логикалық ойлауға арналған тапсырмалар арқылы баланың қабілетін дамытуы.	1	«Қандай зат екенін тап» ойыны
21	1 – ден 20 – ға дейінгі сандар және олардың таңбалануы	1-ден 20 – ға дейінгі сандарды тура, кері санауға машықтан - дыру, олардың таңбалануын үйрету	2	«Көршісін тап» ойыны
22	Математикалық домино	Шапшаң есептей білуге машықтандыру	1	Ойыншықты тап» ойыны
23	Математикалық ребустар	Ребустарды құру, шешу арқылы шығармашылыққа баулу. Түрлі тәсілдерді іске асыру.	1	«Лото» ойыны
24	Өтілген материалдарды қайталау	Оқу жылында оқып үйренген мәселелерді оқушылардың игеру дәрежесін анықтау	2	«Әрі қара, сана», «Құпия» ойыны

Барлығы:

36

Р. Илсә

Қолданылған әдебиеттері:

Негізгі әдебиеттер:

1. А. Б. Акпаева, Л.А. Лебедева. «Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру»- Алматы кітап баспасы .2012жыл
2. Ұ. Жұмаділдаева. «Сандарға саяхат.» Алматы 1997жыл
- Ж. Рсаина. Мектепке дайындық .2007жыл
3. Б. М. Қосанов. «Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты жаттығулар»- Алматы 1998жыл
4. Сансызбайқызы М. «Балдырғандарға арналған қызықты математикалық тапсырмалар». – А; «Рауан »1993
- 5.Ерофеева Т.И. Павлова Л. Н Новикова В.П « Математика для дошкольников» М – 1992

Қосымша әдебиеттер:

- 1.А. Құралұлы. Ұлттық дүниетаным 2002жыл
- 2.«Ойнайық та ойлайық».Алматы 1996 жыл
3. Г.К.Жигалкина «Математикадан ойындар мен қызықты тапсырмалар » Мектеп 1987жылы
- 4.А.Е. Әбілқасымова, С.Қ.Төлеубаева «Математика сабағында ұлттық ойындар мен түрлі жанрларды қолдану» Астана 2005жыл
- 5.Артемова Л.В. Дидактикалық ойындар. – М 1992
- 6.Дүйсенбай. Е. Санамақ. – А; «Ана тілі »1996
- 7.Никитин Б. П. Балабақшадағы математика – М; 2003
- 8.Шәмшиева Г «Сабақтан тыс жұмыстардың берері көп» Қазақстан мектебі-2001,№2 -45 б.
- 9.Александрова .О. «Математика для малышей». Москва -2012